

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы «Әйтеке би ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кезектен тыс қамқоршылық кеңесінің
№3 хаттамасы**

05-маусым 2024 ж.

Темірбек Жүргенов ауылы

Қатысқандар саны - 20 адам

Шақырылғандар: -13 (өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері)

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1 «Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің директоры Л.Х.Еспанованың мектепте өзін - өзі бағалау жұмысын жүргізу қорытындысы туралы есебін тыңдау.

Тыңдалды:

1. Т.А.Елеусинов- қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Бүгінгі күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша таныстырып, Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі 2024 жылдың 02 мамырынан – 31 мамыр аралығында өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілгенін атап өтті. Мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыруға сөзді мектеп директоры Л.Х.Еспановаға берді.

2.Л.Х.Еспанова -өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы, мектеп директоры

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-тарау 3-тармағының 1,2- тармақшаларына сәйкес Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің кезектен тыс өткізілген №5 педагогикалық кеңесінің шешімімен 2024 жылдың 02 мамырынан – 31 мамыр аралығы өзін-өзі бағалау кезеңі деп танылып, өзін-өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелері арасына тапсырмалар бөлініп берілді. Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік –құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшем шарттарына сәйкес бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «жақсы» деген қорытынды берілді. *(слайдпен бағалау парағы көрсетілді)* Мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттарының үлесі, біліктілік санаттары бойынша үлес пайызы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіліміне сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуымыз, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жасалған жағдайлар, оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етуіміз сәйкестігі бағаланды. Мектеп педагогтары мен 4-9 класс білім алушыларының ата-аналарынан және мектепалды даярлық класының тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне ата-аналардың пікірін білу үшін, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін педагогтерден онлайн сауалнамалар алынды. Сонымен қатар, білім, білік және дағды сапасын бағалау үшін 4,9 класс оқушыларынан онлайн форматында тест алынды. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшем шарттарына сәйкес жоғарыдағы көрсетілген мазмұнда бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «жақсы» деген қорытынды берілді. *(слайдпен бағалау парағы көрсетілді)*.

Өзін-өзі бағалау қорытындысы толық таныстырылды

3. К.Аязбаева - қамқоршылық кеңесінің мүшесі

Мектеп қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарына қанағаттанатынын, және мектепте мұғалімдердің біліктілік санатын көтеру жұмысын арттыру керек екенін ескертті.

Мектеп директоры Л.Еспанова қойылған ескертулер бойынша қазіргі таңда 2024 жылдың жоспары бойынша бірнеше мұғалімдер сұранысқа берілгендігін айтты.

Қамқоршылық кеңес шешім етті:

1. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру қызметінің өзін-өзі бағалау қорытындылары есепке алынсын.

2. Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі өзін - өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасын мектептің интернет - ресурсында уақытылы жариялансын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  Елеусинов Т.А.


Хатшы:  Мырзағұл А.М.

Қамқоршылық кеңес мүшелері:  Жусупов Ш.Т.

 Аязбаева К.К.

 Соткарова Б.А.

 Кыстаубаев И.К.

 Галилқызы Д

 Серіков Н.К.